
ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАҢЫМ

С. А. ПИРИЕВА

АХЫСҚА ТҮРІКТЕРІНІҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫ

В статье рассматриваются история, культура и исторические корни тюрков Ахыска и современной Турции в сравнительном аспекте.

Yazar Ahıska türklerinin Anadolu Türkleriyle aynı kökten geldiğini ve sürgüne uğradığı devletlerdeki türklerle aynı dil, din ve kültür sahip oldukları ve bazı özellikleri kaleme almıştır.

Ахысқа Түріктері көне заманнан бері өмір сүріп жатқан ескі халықтардан бірі Анадолу түріктерінен екендігін олардың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын зерттеген атақты ғалымдарымыз проф. Фахреттин Кырзығлу, проф., др. Асиф Гаджылы., проф., др. Ягуп Махмудов., проф., др. Саяд Саядов және ғылыми зерттеуші Юнус Зейрек т.б. мырзалар өз ғылыми жұмастарында осы құнға дейін дәлелден келеді.

Ахысқа Түріктері заманның ең ауыр үкіміне душар болған халықтардан бірі. Бір ғасырда үш рет өз тұрган жерінен ешбір күнәсіз жаппай жер аударылған. Сондықтан да олардың жазба әдебиеті болмаған. Соған қарамай өз ұлттық дәстүрін, тілін, дінін бүтінгі құнға дейін қорғап келеді. Ол халық қай жерде, қай қалада, қай ұлттар арасында тұрса да, сол халықтың мәдениетіне, салт-дәстүріне, тіліне, сонымен қатар мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетеді. Керек болса ең қын жағдайларда сол мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау үшін құресуге дайын [1. 44].

Көне заманнан бастап қазірге дейін қазақ халқы өзінің полиэтникалық характерге ие болғанымен басқа халықтар арасында ерекшеленеді. Бұл жерде көптеген халықтар, аз ұлттар, сонымен қатар этникалық топтар өмір сүріп жатыр. Олар тарихтың барлық кезеңдерінде әлеуметтік саяси оқиғалардың нәтижесінде бұл аймаққа көшіп келген немесе көшірілген, әрқашан тұрақты мекені сияқты Қазақстанды өздеріне Отан деп есептейді. Қазақстанды өздеріне Отан деп есептеген этностардың бірі де Ахысқа түріктері. Бұл этностиң қазақ халқымен қатынасының тарихы және тамыры, сонымен қатар әр кезеңде тіл, дін бірлігіне, салт-дәстүрлерге ие болғанымен салыстырылады. Ол халық көне заманнан этникалық мәдениетке ерекше көңіл бөлген және осы құнде де сол мұраның өзіне қатыстырығын, тіл, фольклор, тұрмыс және басқа менталитеттерін қорғап сақтаған [2. 73].

Ахысқа түріктері тарих бойы шебер болған. Мысалы Пашалық дәүірінде жаңалықтар енгізген шеберлер өз енерлерімен ауылдағы мемлекеттер арасында да танылған. XIX ғасырдың басынан бастап Ахысқа аймағында зергерлік жұмыстары жеке дамыған, бұл жерде торапты алтын, күміс бұйымдар ұлы Кавказда жақсы жағынан танынған. Ахысқада

Пириева С.А. Ахысқа түріктерінің мәдени тарихы.

жасалынған алтын бұйымдар, келіндердің бас киімдері алтынмен безендірілген «катхалар», мойындарына таққан «маһмудиелер», «сыргалар», «алтын алқалар», «күміс белдіктер» таптырмайтын шебер жұмыстары сияқты осы күнде де өз құнын сақтайды.

Зергерлік және тігін өнерлері өткен ғасырдың басында-ақ кең жайылған және жогары деңгейде дамыған. Осы нәзіктік пен жіңішкелік талап ететін жұмыспен жүздеген ахысқалықтар айналысқан. Фабрикада шығатын киімдер сол кездің өзінде-ақ еуропа киімдерінің жайылуына кедергі жасаған, халықтың шығу тегінен тұргылықты салт-дәстүрлі мәдениет өрнектерінің шығуына себеп болған. Бұған қарамастан, ахысқалықтар ұлттық мәдени өмірін әртүрлі саладағындей, өз шеберлік салт-дәстүрін дамытқан, осы мұраға құрмет көрсетіп жатыр [3.18].

Қазіргі заманда, әрбір ахысқалықтың үйінде қолдан тоқылған әртүрлі әшекейлер және тігістердің сақталуы осыны дәлелдеп жатқанын айтуда болады. 1944 жылы олар жер аударылған кезде осы табылмайтын күнды заттарының бір де біреуін немесе еш бірін үлгі ретінде өздерімен бірге әкете алмаса да, Қазақстанда және Орта Азияда қоныстанғаннан кейін өздеріне қатысты осы әдет-тұрпы, өнер өрнектерінің қайтадан қалыптастырылуына ие болған.

Ахысқа түріктерінің тұрмыс мәдениетінің түрлі салаларында жер аударылған кезеңде жоғалған, этностың күнделікті тұрмысынан шығарылғаның, бір сөзben айтқанда жайылғанын бұл жерден анық көруге болады. Бірақ халықтың рухани байлықтарға деген осы құрметті руханият мұрасын оларға ешбір құш, ешбір халық ұмыттыра алмаған, өмірлік тамыр жайған.

Тұрмыстың негізгі бөліктерінің бірі тұрмыс үйлері болып саналады. Үй - халықтың материалдық мәдениетімен қатар рухани дуниесінің де жемісі. Ахысқада тұрғылықты үйлер климатқа сай болып соғылған. Кавказ үшін харakterлі текпешекті, тәжіүқсас, коридорсыз үй типтері Ахысқа түріктерінде өте кеңінен жайылған формалар. Бұл жерде соғылған тақта үйлердің сырт дуалдары жартысына дейін жер астынан бастан соғылады екен. Мұндай үйлерді сокқан кезде үйдің бүрыштарынан жерге тірек көміліп, тақталар осы тіректерге бекітіліп бұдан кейін дуалдар соғылады екен. Үйдің төбесі жабылмастан бүрын дуалдарда сән ретінде әртүрлі заттардың қойылуы үшін «тахча» сүре қойылып, шам қою үшін де жеке орындар дайындалады екен. Көптеген халықтардың үй типтері сияқты ағаштан соғылған үйдің ортасынан немесе бір жағынан «тұстұлу» аталатын терезе қойылатын [3. 42]. Үйдің ортасында ошақ құрылатын. Бұқары үйдің дуалында немесе тұра шаңырақта соғылады екен.

Әрбір этностың материалдық мәдениетінің құрамдарынан бірі - оның тағамдары болып саналады. Ахысқа түріктерінің тағамдары жалпытүрік тағамдарының бір бөлігі болуымен қатар өзіне қатыстылығын қорғап сақтаған. Тағамның негізін нан, ұннан жасалынған тағамдар және сүт, айран,

«пендир» ірімшік және жеуге жарамды көптеген өсімдіктерден дайындалған тамақтар құрайды. Ақысқалықтардың ұлттық тағамы соншама бай болған, олармен ауылдағы отырған грузиндердің, армяндардың да тамақтарына өз әсерін тигізген. Осы халықтарға белгілі кептірілген ет, қуырдақ, кебап, «төзлеме кебабы», «буғлама», «сарма», «долма», «савутма», «көфте» т.с.с. сол жердің климатына сай келетін басқа да тағамдардың ерекшеліктері бар. Әдетке сай ахысқалықтар спиртті ішімдіктерді қолданбайды. Сусын орнына көбінесе айран, бұлақ суы, шәй, кофе, шербет, жеміс суы қолданылады.

Ас үй бұйымдары негізінде «қазан», «ибырг», «аш талики», «чай талики», «нәлбәки», «бичаг», «сузәк», «кәрсән», «пешхун», «саж», «паҳыр», «тава», «ләнгәр», «тас», «охлов», «әләк», «бардақ» және басқа заттардан тұрады.

ХХ ғасырдың бастарында Ахысқаның Азғур, Вале деген ауылдарында тоқу цехтары тұрғылықты халық арасында жібек, атлас, бархыт маталарының жайылуына себеп болды. Бұл бір әдет-ғұрыптың киім формаларында жаңаңықтар тудырған. Әйелдер ұзын, түзу, енсіз киімдерге көшкен. «Катха», «мажар», «махмудия», «пипанур», «урубия», «күфә», жүзік, мойынбауы, белбауы, белезік сияқты әдет-ғұрыпқа сай бұйымдарын әлі күнге дейін қолданады.

Ахысқа түріктерінің ұлттық киімдері Түрік Кавказ киім мәдениетінің құрамына сай келеді. Ер адамдар, жағасы «гайтанмен» байланатын көйлек, шалбар, «архалық» шапан, «чуха», «япынжы», «күрк» киіп, күміс белбау байланап, бастарына қозы терісінен тігілген «папах», «долама» немесе «фәс» киеді. «Фәсті» көбінесе ақ, қызыл немесе жасыл түсті орамалмен орайды еken. Ерлер киімдерінің аталуы әсіресе былай деп атаптанды: «чуха», «архалық», «күрк», «гөмлек», «шалвар», «япынжды», «кондура», «йелек», «папаг», «фес» т.с.с.

Әйелдер әртүрлі оюлармен безендірілген «туман» дамбал, көк түсті ал жапқыш «пештамал» тағып, күміс белбау байлады еken. Киімдердің түсінен қызыдың жас, бойжеткен немесе келін екенін түсінуге болатын. «Ехрам», «урубия», «часлама», «лечек», «катха», «тафшал», «шал», «яйлыг», «гуршаг», «дон», «гафтан», «хәләт», «әтәк», «пештамал», «өртүк», «туман», «диздон», «жораб», «чарыг», «башмаг». Алтын бұйымдары «мәхүр ұзұқ», «қасты жүзік», «махмудия», «мажар», «пирпирә», «біләрзик», «боюнбағы», «мунжут», «халта», «кәмәр», «күфә», «сач бағындан» тұрады еken. Ал бастарына «чембере» қойып, үстінен «тафшал» аталатын үлкен ақ орамал жабатын. Устеріне қою (көбінесе жасыл) түсті, жағасы түймелі, белі бүрмелі «гафтан» көйлек киіп, белін «гуршах» аталатын ұзын шарфпен байлан алдына фартук, «диздон» аталатын тізеге дейін шалбар, аяқтарына теріден тігілген «чарых» башмақ, сонымен қатар олар өте қымбат алтын, күміс, бриллиант сияқты алқалар, алтын тыныдармен безетілген «аракчын» тақия киеді. Күміс кемердің үстін алтынмен әшекейлеп оған қымбат тастармен безетіп белдеріне тағатын. Жасы келген әйелдер алтын

Пириева С.А. Ахысқа түріктерінің мәдени тарихы.

бұйымдарын тек қана тойға немесе мейрам күндері тақпаса басқа күндері тақпайтын. Жалпытүрік этникалық мәдениетінің әртүрлі кезеңдерінде болғандай әжейлер сән үшін алтын бұйымдарын ұзақ уақыт көзінің қарашығындағы сақтап, кезі келгенде өз келіндеріне, қыздарына сыйға тартатын [2. 57].

Ахысқа түріктерінің ұлттық мейрамдары жалпытүрік мейрамдарымен бірдей. «Рамазан», «Гурбан» Ахысқа түріктерінің тұрмысында жеке маңыздылығы бар болған мейрамдар болып саналады. Олардың ең көп ұнатқан мейрамы Рамазан мейрамы. Ораза айы біткенен кейін барлық Ислам дүниесіндегідей ахысқалықтарда да Рамазан мейрамы атап өтіледі. Осы үлкен ел мейрамында ер кісілер мешіттерге жиналып, ол жерде айт намазы болып, дұғалар оқиды. Намаздан соң әркім өз үйіне келіп жанұясын құттықтаған соң тағам дәм татып, дос, туысқандар бір-бірінің үйіне зиярат етеді. Әсіресе дүниеден көшкен адамдардың үйін зиярат етіп, өлген адамның рухына құран оқып шығады. Әдетке орай, Рамазан мейрам намазына дейін жанұяды қанша адам болса олардың әрбіріне айрықша және малына-мұлкіне пітір береді. Пітрді жалғыздарға, кедейлерге, мугедектерге, қысқасы, жұмыс істеуге жарамсыздарға береді, оларды қуантып сауап алады.

Ахысқалықтар да барлық түрік халықтары сияқты «Құрбан мейрамын» тойлайды. Құрбан айтын әрбір отбасы өз жанұясымен, ауылдастарымен, туыстарымен тойлайды. Бұл мейрам күні де барлық ер кісілер азанымен тұрып, мешітке қарай бет алыш ол жерде мейрам намазын оқып, тікелей мазаратқа барып қайтыс болған туыстарының, таныстарының, достарының рухына Құран оқып әркім өз үйіне қайтып құрбандық шалады. Құрбан еті піскенге дейін ешкім тамаққа қол созбайды. Шалынған құрбандықты үш бөлікке бөліп бір бөлігін тұрмысы нашарларға, бір бөлігін ауылдастарға үшінші бөлігін өз жанұясына бөледі. Егер бір-біріне ренжігендер болса әр екі мейрамда да міндетті турде достасуы керек. Егер екі ренжіген адамның қайсысы бұрын кол созып кешірім сұраса ол өте үлкен сауапқа ие болады. Тағы айта кететін бір маңызды жағы осы екі мейрамның ортасында Ахысқа түріктерінің әдеті бойынша қызыатып, келін түсіріп неке қимайды. Бұл кездे той жасау әдептен тыс екен.

Қайтыс болғандардың үйін міндетті турде зиярат етіп оның рухына дуалар оқылады. Сол үйде барлық адамдар жиналып көніл айтуымен қайғылы адамдардың мұнына ортақ болып, оған жәрдем етеді. Бірақ сол үйде жеті күн қазан асылып, тамақ піспейді. Келген адамдарға және жанұя мүшелеріне ауылдастар, туыстар өз үйінде тамақ пісіріп әкеледі. Қайтыс болған адам үшін «үш», «жеті», «қырық» күн және «жыл» толуында дос таныстар жиналып құран оқып, дәм татады. Бұдан басқа да қайтыс болған адамның қырқына дейін әр бейсенбі күні құран оқылады. Қабір қазғандар «үшінші» күні оқылған құранға міндетті турде қатысады.

Ахысқа түріктерінің өмірінде фольклорға, музикаға ерекше орын берілген. Мысалы Ахысқадағы «Адыгұн» фольклорлық ансамблі XIX ғасырда ерекше өнерімен шетелдерде танылған. Олар жер аударылғаннан кейін Әзіrbайжанда тұратын ахысқалықтар «Адыгұн» ансамблін қайтадан құрды. Бұл ансамбль көне ансамбль сияқты Москвада, Солтүстік Кипрда, Түркияда, Грузияда және Әзіrbайжанда танылды.

Ахысқа түріктерінің әлеуметтік өмірін зерттеу өте үлкен қызындықтармен қатысты. Олар ұзақ жылдар бойы өз отандарынан алыста тұрса да ұттың, мәдениетін, фольклорын қорғап сақтай білген. Сонымен қатар олар қай өлкеде тұрса, сол өлкенің халқының әдет-тұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін, фольклорын, тілін жақсы үйреніп келеді. Республика егемендік алғаннан кейінгі жылдарда осы тұрғыда көп жұмыстар атқарылып жатыр.

Тұрмыс және мәдени өмір - халықтарды бір-бірінен ерекшелендіретін маңызды фактілерден бірі. Ахысқалықтардың тұрмыс және мәдени өмірі қанша қызындыққа ұшыраса да, мәдени өмір ешқашан тоқырамады, өз еркімен дами берді. Олардың тұрмыс-тіршілігі өзіне тән ерекшелікке ие.

Ахысқа түріктерінің тұрмыс-тіршілігі ішінде ең қеңінен тарағаны, өте көне салт дәстүрі - той жиындары. Той - екі жастың есейіп, егеменді өмір сүруін, отбасының және оған тиісті мал-мұлқін иелене алатынын дәлелдейтін жиын. Бұл жастардың есейгенін, нәсілдің әдет-тұрпын, салт-дәстүрін, абыраймен жалғастыруға ие болғанын дәлелдейді.

Ахысқалықтардың той жиындары бірнеше бөлімдерден тұрады: мысалы, қыз «сарафламақ» және «бәгәнмек» «ұнату», «шербет ішу», «келін көруге бару», «нишан ауыстыру», «қиім апару», «кәсім кәсу», «есік басу», «баштығ» қалыңмал, «шахбазәк», «хына яхты» хына жагу, «мәслихат», «давәт», «келін шығару және апару», «беташар», «көрімдік», «қайта оралу», «тәмәннаһ алу» сәлем беру т.с.с. Тойға қатысты әдет-тұрптардың бірі - келін өзі қайын ене болғанға дейін қайын анасы, қайын атасы және өзінен үлкен қайыны мен жасы келген туысқандарының жаңында сөйлемейді.

Келін қонаққа келген кісілердің сәлеміне жауап ретінде оң қолын жүргегінің үстіне қойып, содан кейін мандайын ұстайды, бұл әрекетті үш рет қайталайды. Соңан соң сол адамның қолын сүйіп мандайына тигізеді. Бұл сәлемдесуді «тәмәннаһ» алу деп атайды. «Тәмәннаһ алу» жүргегімде, басымда орныңыз бар, буйырып ішке кіріңіз деген мағынаны білдіреді. Ахысқалықтардың бұл әдеті көне мифик түсініктерімен байланысты. Бұл халықта тарих бойы болғандай қазір де жанұя құрган жастарда ел-жүрт күе болады. Осы жолмен формаласқан ген, құрылған отбасының негізін құштайды. Оларда неке бұзылу өте сирек кездеседі [3.65].

Ахысқалықтар әлі күнге дейін жоқтау төрөнінде пратурік заманының іздерін қорғап сақтауда. Ашы көз жастарымен жүргізген осы төрөн қайтыс болған туыстарына ешқашан қолы жетпейтін, сөнбейтін қайғылы

Пириева С.А. Ахысқа тұріктерінің мәдени тарихы.

қасіреттерінен хабар береді. Ахысқа регионы - көне тарихқа, мәдениетке, жақсы табиғатқа, экономикалық потенциалға және өте бай тағамға ие болған бір аймақ. Ахысқа тағам және азық түлік мәдениеті сол этностың тарихи еткенін, тілін, этникалық мәдениетін өзінде жасататын басты факторлардан бірі болып саналады. Қатынаста болған халықтардың тағам мәдениетіне тигізген әсеріне бола Ахысқа тағамы жалпытүрік тағамдарымен бір қатарда тұрады. Тамақтану халықтың деңсаулығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардан бірі. Дұрыс тамақтану ахысқалықтардың жақсы дамуын, олардың өмірінің үзартылуын, іш дүниесінің дамып жетілуін, сол этностың аймаққа үйренуін қамтамасыз етеді. Ахысқалықтардың ұлттық тағамы олардың ұлттық байлығы болып есептеледі. Ұлттық тағам - ахысқалықтардың этникалық мәдениетінің бір белгі. Олардың көне тағамдары этногенезінің, этникалық тарихын, миграция процестерін, этикеті, этностарарасы мәдениеттерінің қарсылықты әсерін үйрену үшін қымбатты қорлар.

Осы уақытқа дейін ахысқалықтардың тағам мәдениетінің тарихи көрінісі бірнеше бағытта зерттелген. Этникалық мәдениеті және этнолингвистік аспектте де осы осы көрініс зерттелгенде бірнеше басқа терминология бағыттары, этногенез, халықтың тұрмысы және с.с. мәселелері одан да кеңінен зерттелуі керек. Ахысқалықтардың тағамдарының және олардың атауларын терминологиялық тұрғыдан зерттелуі олардың тағам мәдениетінің көне және бай болуын, сол тағамдардың басқа халықтар арасында жайылу ареалын, шаруашылық нәтижесінде алынған тағам азық-түліктерінің сорт және тұрларін көрсетумен қатар, географиялық-диалектология, тарихи-этимологиялық, тарихи салыстырулар және лингвотипологиялық зерттеулер үшін қолайлы жолдар ашуда [4. 96-99].

Ахысқа далаларында, ормандарында жеуге жарамды өсімдіктерден басқа қоңтеген қозықүйректар өседі. Бұларды ахысқалықтар құнделікті тағам ретінде колданады. Сол өсімдіктердің аты «кузу кулагы», «пенджэр», «джинджар», «джириам чола», «джеми», «адол», «гұлуд», «тита», «гөзүм», «аптарсы», «алачунта», «пампара», «казаяғы» сонымен қатар жеуге жарамды қозықүйректар: «мантар», «кама», «пирпиле», «кита», «папахли» т.б.

Сонымен қатар Ахысқа тұріктерінің басқа тұрік тілдес халықтардан ерекшелігі - ай аттарының аталуында. Мұндай аталулар ешбір халықтарда жоқ. Мәселен: «зәһімәри» қантар, «гүджүк» ақпан, «мард» наурыз, «аврып» сәуір, «майыс» мамыр, «кирәз» маусым, «бичин» шілде, «орах» тамыз, «харман» қыркүйек, «шараб» қазан, «гоч айы» қараша, «гарагыш» желтоқсан. Бұл ай аттары климатқа және мезгілге сай аталғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Жер аударылу нәтижесінде Ахысқа тұріктері 17 мемлекеттің 300-ден артық аймағында өмір сүріп жатыр. Нәтижеде сонымен қатар осы халықтың тұрмысы және мәдениет өмірі белгілі бір кезең және дәүірлерден келіп жатқан қасиеттерін қорғап сақтаған. Мәдениет және тұрмыс өмірінде ортанның,

ТҮРКОЛОГИЯ, № 5-6, 2009

тұрғылықты халықтардың әсері болмаған. Сол үшін де тұрмыс-мәдениет өмірінің өзіне қатыстылықтарымен ортаға келген, бұл да түрік халықтары арасында сол этностың ұлттық байлықтарына ете үлкен құрмет, сый көрсетуімен байланысты деген шешімге келуге болады

ӘДЕБІЕТТЕР

- 1 Пириев А. Н., Пириева С. А. «Түрік Дүниесі және ата жұртты Ахысқа». Баку, «Тұна», 2003, 298 б.
- 2 Пириев А.Н., Пириева С.А. «Ата жұртты Ахысқа». Баку, «Мутержим», 2001, 256 б.
- 3 Гаджылы А.А. Герібім бу ватанда. Баку. «Гянджлию», 1992, 216 б.
- 4 Казымов И. Ахысқа түріктерінің тілі. Баку. «Елм», 1999, 218 б.

REZUME

Piriyeva S.A. (Shymkent)

THE CULTURAL HISTORY OF AKHYSKA TURKISH

The article deals with the connection between Akhyska and Anadoly Turkish, similarities in religion, language and customs with other Turkic peoples.